

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 365 "2021-2023 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 57 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың "2021-2023 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7949 болып тіркелген) № 365 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 336 343,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 17 206 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 80 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 319 057,1 мың теңге;

2) шығындар – 336 779,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -436,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 436,7 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 436,7 мың теңге."

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2021 жылға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық және облыстық бюджеттерден ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мемлекеттік ұйымдардың: үйде қызмет көрсету, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге - 304 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге - 74 640 мың теңге."

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. 2021 жылға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге - 306 мың теңге;

елді мекендерді абаттандыруға – 185 211,1 мың теңге;

автомобиль жолдарын орта жөндеудің сметалық есебін дайындауға—1 458 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге - 13 505 мың теңге;

жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге- 10 606 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы*

Н. Қызбергенов

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 10
қыркүйектегі № 57 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы "5
" қаңтардағы № 365 шешіміне 1-
қосымша

2021 жылға арналған Ырғыз ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			І. Кірістер	336 343,1
1			Салықтық түсімдер	17206
	01		Табыс салығы	2 900
		2	Жеке табыс салығы	2 900

	04		Меншікке салынатын салықтар	14 306
		1	Мүлікке салынатын салықтар	489
		3	Жер салығы	716
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	13 101
2			Салықтық емес түсімдер	80
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	80
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	80
4			Трансферттердің түсімдері	319 057,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	319 057,1
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	319 057,1

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	2	3	Бағдарлама		
			4	Атауы	
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	336 779,8
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	44 633
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	44 633

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44 633
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 555
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	78
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	610
	1			Әлеуметтік көмек	610
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	610
			003	Мүқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	610
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	198 533,8
	3			Елді мекендерді көркейту	198 533,8
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	198 533,8
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	90 977

			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	765
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	106 791,8
12				Көлік және коммуникация	93 003
	1			Автомобиль көлігі	93 003
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	93 003
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3400
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу	89 603
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0

				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 436,7
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	436,7

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	436,7
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	436,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	436,7